

Ағылшын тілі онкүндігінің есебі. (6.04.2026- 17.04.2026)

2025–2026 оқу жылында 06.04–17.04 аралығында ағылшын тілі пәні бойынша онкүндік өткізілді. Онкүндіктің негізгі мақсаты – оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттыру, тілдік дағдыларын дамыту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау және пәнге деген белсенділігін көтеру.

06.04.2026 «Welcome to the English Decade» тақырыбында ашылу салтанаты өтті. Оқушылар ағылшын тілінде сөйлеп, шағын ойындар ойнап, көңілдерін көтерді. Ағылшын тілі онкүндігінің жоспары құрылып, бекітілді.



<https://www.instagram.com/reel/DWzFnq1COUa/?igsh=amRlcWglAXAwYzhv>

07.04.2026 күні «English quiz» сайысы 4 «А» сыныбында ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушылардың ағылшын тілі бойынша білім деңгейін анықтау, сөздік қорын кеңейту, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту және пәнге деген қызығушылығын арттыру. Сонымен қатар, оқушыларды жылдам әрі дұрыс жауап беруге дағдыландыру, топпен жұмыс жасауға үйрету. 08.04.2026 күні «Guess the word» ойыны өткізілді. Оқушылар сөздік қорларын дамыту мақсатында түрлі тапсырмаларды орындады. 09.04.2026 күні «Colours», «Numbers», «Animals», «Days of the week» тақырыптары бойынша 3–4 сыныптар арасында танымдық сайыс ұйымдастырылды. Бұл іс-шара оқушылардың бастапқы деңгейдегі білімдерін бекітуге ықпал етті. 4 «Ә» сыныбында «Prepositions of place» тақырыбында ашық сабақ өткізілді.



<https://www.instagram.com/reel/DXHyq-1iAOB/?igsh=MTJoMTImZl3em95aQ==>



<https://www.instagram.com/p/DXKH-C8iKDw/?igsh=YW1ja3J4MnV5bHNk>



<https://www.instagram.com/p/DXKIHPsiDxn/?igsh=ZzNmOXJzbnOWOHdh>

10.04.2026 күні 8 «А» сыныбында «The future of Food» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Оқушылар тақырып бойынша өз ойларын білдіріп, жаңа сөздермен танысты.



<https://www.instagram.com/p/DXMIImIP1x/?igsh=amg2YjFnN3d0Nmdy>

13.04.2026 күні бірнеше іс-шара өткізілді. Атап айтқанда, 8 «А–8 Ә» сыныптары арасында «English Poster Competition» ұйымдастырылып, оқушылар постер қорғады. Сонымен қатар, 6 сыныптар арасында «Who is smarter?» интеллектуалдық сайысы өтті.



<https://www.instagram.com/reel/DXOWey7CBEa/?igsh=ZjNpamoyZ25kanUx>

14.04.2026 күні 6 “А” сыныбында ағылшын тілінен “A City Park” тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сабақтың мақсаты – саябаққа қатысты мәтінмен топтық жұмыс жасау және күшейтпелі шырайды қолданып, сыныптастарына байланысты сөйлемдер құрау болды. Сабақ барысында оқушылар белсенді қатысып, мәтінмен тиімді жұмыс жасады және грамматикалық құрылымды дұрыс қолдана білді.



https://www.instagram.com/p/DXOdT8cCB-_/?igsh=dHg2eWx2NW9tODlh

15.04.2026 күні 10–11 сыныптар арасында «Games Day» өткізілді. Түрлі ойындар арқылы оқушылардың қызығушылығы артты.

16.04.2026 күні 9 сыныптар арасында «English speaking countries» тақырыбында танымдық іс-шара ұйымдастырылды. Оқушылар ағылшын тілді елдер туралы мәліметтермен танысты.



<https://www.instagram.com/p/DXMIXntCBPO/?igsh=MWx5enlzY3A3MmtoeA==>

17.04.2026 күні онкүндіктің жабылу салтанаты өтті. Белсенді қатысқан оқушылар марапатталып, алғыс хаттар табысталды.

Қорытындылай келе, ағылшын тілі онкүндігі жоспарға сай жоғары деңгейде өткізілді. Барлық іс-шаралар өз мақсатына жетіп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артты. Оқушылар белсенділік танытып, өз білімдері мен қабілеттерін көрсете білді.



<https://www.instagram.com/p/DXPNZZ4CAnv/?igsh=bHlob283ZXJxZTE2>

17.04 күні ағылшын тілі онкүндігінің аясында “Guess the Riddle” сыныптан тыс іс-шарасы ұйымдастырылды

Мақсаты: Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту, ағылшын тілінде ойлау және сөйлеу дағдыларын жетілдіру . Оқушылар қызықты жұмбақтарды шешіп, тапқырлықтары мен білімдерін көрсетті! Белсенділік пен қызығушылық жоғары деңгейде болды! Қатысқан сыныптар: 10 , 11.



<https://www.instagram.com/reel/DXWwuYYiE9H/?igsh=MWZnZzJmZnYzdW1pYg>



Өткізген ағылшын тілі мұғалімдер: Далелхан Е.

Айтжанова А.С.

Оспанова Г.К.

